

**Сертификаттау курсының бағдарламасы**  
**Бағдарламаның паспорты**

Білім беру бағдарламасын әзірлеушінің білім және ғылым ұйымының атауы	ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК
Қосымша білім беру түрі ( <i>біліктілікті арттыру/сертификаттау циклі/формальды емес білім беру шарасы</i> )	Сертификаттау курсы
Бағдарлама атауы	Трансплантациялық үйлестіру*
Мамандықтың және (немесе) мамандандудың атауы ( <i>мамандықтар мен маманданулар номенклатурасына сәйкес</i> )	Мамандықтар: Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлердің мамандықтары Мамандыру: Трансплантациялық үйлестіру
Білім беру бағдарламасының деңгейі ( <i>базалық, орта, жоғары, мамандандырылған</i> )	Базалық
СБШ бойынша біліктілік деңгейі	7
Білім беру бағдарламасының алдыңғы деңгейіне қойылатын талаптар	Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлердің мамандықтары. Пәнаралық мамандырулар бойынша серттификаттау курсына 2014 жылдан кейін интернатураны бітірген түлектерді қоспағанда, жоғары медициналық білімі бар қызметкерлер жіберіледі.
Бағдарламаның ұзақтығы кредитпен (сағатпен)	10 кредит(300ак.сағат)
Оқыту тілі	Орыс тілінде/қазақ тілінде
Өткізу орны	Клиникалық базасында
Оқыту форматы	Күндізгі
Мамандану бойынша берілетін біліктілік ( <i>сертификаттау курсы</i> )	Транспланттаушы үйлестіруші дәрігер
Оқуды аяқтағаннан кейінгі құжат ( <i>сертификаттау курсы туралы куәлік, біліктілікті арттыру туралы куәлік</i> )	Сертификаттау курсы туралы куәлік қосымша (транскрипт)
Сараптама ұйымының толық атауы	«Жалпы хирургия» комитеті Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ 26.02.2024 ж. №3 хаттама
Сараптамалық қорытындыны жасау күні	26.02.2024 ж.
Сараптама қорытындысының қолданылу мерзімі	3 жыл

## Нормативтік сілтемелер

Сертификаттау курсының бағдарламасы келесі талаптарға сәйкес жасалған:

1. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы;
2. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарды сертификаттауға жататын мамандықтар мен мамандандырулар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-218/2020 бұйрығы;
3. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығы;
4. «Транспланттау жөніндегі үйлестіру орталығы туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы №664 бұйрығы.

## Әзірлеушілер туралы мәлімет:

Лауазымы	Т.А.Ә.	байланыстар: E.mail
ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК директорының м.а. м.ғ.к., жоғары санатты дәрігер	Назгүл Зашитқызы Жылгелдина	<a href="mailto:n.zhilgeldina@transplant">n.zhilgeldina@transplant</a>
ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК донорлық ағзаларды транспланттау және аллокациялау жөніндегі үйлестіру бөлімінің басшысы	Қайрат Мұсаұлы Иманбаев	<a href="mailto:k.imanbaev@ransplant.kz">k.imanbaev@ransplant.kz</a>
ҚР ДСМ «Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық» ШЖҚ РМК республикалық транспланттаушы үйлестірушісі	Лейла Жанғалиқызы Исмағамбетова	<a href="mailto:ismagambetova@transplant.kz">ismagambetova@transplant.kz</a>

СК БББ сараптамалық бағасы Денсаулық сақтау – дайындау бағыты бойынша ОӘБ Жалпы хирургия» комитеті отырысында талқыланды

Сарапшының лауазымы, жұмыс орны, атағы (бар болса)	Т.А.Ә.	Хаттаманың күні, №
м.ғ.д., «Жалпы хирургия» комитетінің төрағасы	А.Б. Фурсов	26.02.2024ж. №3 хаттама

СК БББ сараптама актісі және талқылау хаттамасы қоса беріледі.

**СК ББ бағдарламасы «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша ОӘБ 2024 жылғы 18 наурыздағы отырысында бекітілді № 6 хаттама (ОӘБ сайтында орналастырылған)**

## **Сертификаттау курсы бағдарламасының паспорты**

### **Бағдарламаның мақсаты:**

қосымша біліктіліктің әртүрлі мамандықтарынан мамандарды оқыту (кәсіби білімін, іскерлігі мен дағдыларын кеңейту).

Жоғары медициналық білімі бар қызметкерлердің бейінаралық мамандануы бойынша қосымша біліктілік

Бағдарлама транспланттаушы үйлестіруші дәрігерлерін, ағзалық донорлық саласындағы мамандарды, медицина ғылымдары, клиникалық психология, құқық, ұйымдастыру, менеджмент және статистика саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Олардың трансплантациялық үйлестіру саласындағы білімдері мен дағдыларын игеруі, дәлелді медицина қағидаттарына және емдеу-диагностикалық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкес ішкі ағзалардың кең таралған аурулары кезінде науқасқа білікті медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ ықтимал донорларды анықтай алуы, мидың біржола семуін растай алуы, мидың біржола семуі кезінде донор ағзаларының функцияларын қолдауы және ағзаларды алууды ұйымдастыруды қамтамасыз етуі.

## **Бағдарламаның қысқаша сипаттамасы:**

Бағдарлама трансплантациялық үйлестіру мамандануы бойынша кәсіби білімді, іскерліктерді және дағдыларды кеңейтуге бағытталған, трансплантация саласындағы негізгі бағыттар бойынша теориялық блокты және практикалық блокты қамтиды:

- трансплантацияның құқықтық және заңдық аспектілері мәселелері (трансплантация саласындағы НҚА);
- мидың біржола семуіне әкелетін орталық жүйке жүйесінің жарақаттары (бас миының жарақаты) және неврологиялық аурулар (геморрагиялық және ишемиялық әртүрлі генезді ми қан айналымының жіті бұзылуы, ми ісіктері, әр түрлі генезді ми аноксиясы) мәселелері;
- диагностиканың клиникалық және функционалдық әдістерін қоса алғанда, мидың өлімін растау мәселелері;
- ағзалардың ишемиясының алдын алу мақсатында донорды кондициялау мәселелері;
- қосымша ақпаратты жинау және талдау мәселелері, қан үлгілерін тексеруді ұйымдастыру;
- иммунология мәселелері: донор мен реципиентті HLA типтеу, трансплантациялық антигендерді анықтау мақсатында серологиялық реакциялар (гранулоциттерге, лимфоциттерге, тромбоциттерге);
- психологиялық дайындық мәселелері, атап айтқанда, донорлармен, олардың отбасыларымен және трансплантацияға мұқтаж пациенттермен қарым-қатынастың негізгі модельдерін зерттеу;
- донор-реципиент жұбын автоматтандырылған іріктеуді және транспланттау үшін ағзаларды бөлуді қоса алғанда, донорлық ағзаларды транспланттау орталықтарына тасымалдауға дейін транспланттау мақсатында қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды алуға келісім алудан бастап, заңды рәсімдерді, донорлық процесті ұйымдастыру мәселелері;
- трансплантация процесінің барлық қатысушылары арасындағы өзара іс-қимылды ұйымдастыру;
- ағзалардың ықтимал реципиенттерінің бірыңғай тіркелімін, ағзалар донорларының және ағзалар реципиенттерінің тіркелімін қалыптастыру және жүргізу;
- ауруханалардың медициналық персоналына, қоғам мен БАҚ өкілдеріне транспланттау үшін ағзалар донорлығының гуманистік қағидаттарын түсіндіруге бағытталған білім беру іс-шараларына тұрақты негізде қатысу мәселелері;
- донорлық процесс пен ресурстарды басқару мәселелері;
- стационарлық, өңірлік және республикалық деңгейлерде ағзалық донорлық процесін ұйымдастыру мәселелері, олардың әрқайсысы өз өкілеттіктеріне ие және донорлық процеске қатысу дәрежесінен жауапкершіліктің әртүрлі деңгейіне ие.

## Бағдарламаның негізгі элементтерін келісу:

№	Оқыту нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқыту әдісі
1	<p>Білуі тиіс жалпы білім:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- трансплантология және ағзалық денсаулық сақтау саласындағы заңнаманың негіздері және трансплантология мен ағзалық донорлық саласындағы денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>- Қазақстанда адамның ағзалары мен тіндерін транспланттауды құқықтық реттеу</li> </ul>	<p>Жағдаяттық міндеттің шешімін бағалау, Жағдайларды талқылау</p>	<p>Дәрістер Семинар Практикалық сабақ</p>
2	<p>Білуі тиіс арнайы білім:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- трансплантациялық үйлестіру саласындағы құқықтық реттеу мәселелерін қоса алғанда, Қазақстан Республикасында трансплантологиялық көмекті ұйымдастырудың жалпы қағидаттары;</li> <li>- құқықтық нормаларға сәйкес этикалық қағидаттар;</li> <li>- деонтологияның жалпы қағидаттары, трансплантологиядағы коммуникативтік дағдылардың негізгі құзыреттері;</li> <li>- ішкі ағзалардың жіті және созылмалы ауруларының себептері мен патогенетикалық тетіктері, функционалдық және морфологиялық процестердің мәні, ағзаларды ауыстырып салуды талап ететін әртүрлі жастағы топтардағы пациенттерде олардың клиникалық көріністері, ағзаларды транспланттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер;</li> <li>- тіндік үйлесімділікке иммунологиялық зерделеу негіздері;</li> <li>- иммуносупрессивті терапия негіздері, оның ерекшеліктері;</li> <li>- бас миының біржола семуінің себептері мен патогенетикалық тетіктері, мидың өлімін растау;</li> <li>- ағзалық донорлық саласындағы қарқынды терапияны ұйымдастыру;</li> <li>- донорлық процесті ұйымдастыру.</li> </ul>	<p>Тестілеу, Жағдаяттық міндеттердің шешімін бағалау, Клиникалық жағдайды талқылау</p>	<p>Дәрістер Семинар Практикалық сабақ</p>
3	<p>Орындау қабілеті:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- науқасты жан-жақты клиникалық зерттеп-қараудан өткізу және соның</li> </ul>	<p>Стандартталған пациент (SP - standartpatient)</p>	<p>Тренинг/ рөлдік ойын / іскерлік ойын</p>

№	Оқыту нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқыту әдісі
	<p>негізінде алдын-ала диагнозды, жағдайдың ауырлығын анықтау, оның ішінде басқа мамандардың кеңестері, зертханалық, функционалды және аспаптық зерделеулер, қажет болған жағдайда шұғыл шаралар қабылдау;</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- диагнозды верификациялау;</li> <li>- транспланттау мақсатында ағзаларды алып қоюға келісім алу мақсатында ықтимал реципиенттермен, сондай-ақ қайтыс болғаннан кейінгі ықтимал донордың туыстарымен психологиялық байланыс орнату мақсатында деонтологиялық тәсілдерді пайдалану;</li> <li>- мидың өлімін растағаннан және қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды алуға туыстарының келісін алғаннан кейін транспланттау бригадасы келгенге дейін донорлық ағзалардың өмірлік функцияларын қолдау жөніндегі жасанды шараларды жүргізу тактикасын айқындау, инфекцияларға тексеруді, тіндік үйлесімділікке HLA - зерделеулерді қамтамасыз ету;</li> <li>- қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды алу, консервациялау, сақтау және транспланттау орталықтарына тасымалдау процесін ұйымдастыру;</li> <li>- медициналық құжаттаманы, оның ішінде ҚР заңнамасында көзделген электрондық құжаттаманы ресімдеу;</li> <li>- 3 тіркелімді: ағзалардың ықтимал реципиенттерінің, ағзалардың донорларының және ағзалардың реципиенттерінің тіркелімдерін ресімдеу және жүргізу.</li> </ul>	Клиникалық симуляция сценариінің орындалуын бағалау	
4	<p>Болуы тиіс дағдылары:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- ішкі ағзалар ауруларын диагностикалау әдістері;</li> <li>- орталық жүйке жүйесі функцияларының тоқтау белгілерін диагностикалау әдістері, сондай-ақ бас миының біржола семуін растау кезінде клиникалық сынақтар мен өзге де диагностикалық зерделеулер;</li> <li>- шұғыл жағдайларда дәрігерлік көмек көрсету әдістері;</li> <li>- медициналық құжаттаманың барлық түрлерін жүргізу;</li> </ul>	Стандартталған пациент (SP - standartpatient) Клиникалық симуляция сценариінің орындалуын бағалау	Тренинг

№	Оқыту нәтижесі	Бағалау әдісі	Оқыту әдісі
	- донорлар мен реципиенттерді есепке алудың медициналық ақпараттық жүйесімен жұмыс; - донор-реципиент жұбын автоматтандырылған іріктеуді жүргізу; - донорлық процесті ұйымдастыру.		
5	Деректерге қол жеткізу, бағалау және түсіндіру үшін әртүрлі ақпараттық технологияларды қолданады; инновациялық технологияларды алуға және практикалық қызметте пайдалануға қабілетті.	Медициналық құжаттаманы ресімдеу сапасын бағалау	Есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізу
6	Күнделікті кәсіби қызмет пен білім алуды жалғастыру үшін қажетті жаңа білім алуға қабілетті және дайын.	Презентацияны бағалау, рецензияны бағалау	Интернет-ресурс

### Сертификаттау курсының бағдарламасын іске асыру жоспары

№	Тақырып/бөлім/пән атауы	Сағат көлемі					Тапсырма
		дәріс	семинар	тренинг	Практик алық	ТӨЖ	
1.	«Трансплантациялық үйлестіруге кіріспе» модулі. Шетелдегі және Қазақстандағы трансплантология мен ағзалық донорлықтың моральдық-этикалық, заңдық ережелері. Донорлық процестің рәсімін заңнамалық түрде реттейтін негізгі құқықтық модельдер. Қазақстан Республикасындағы трансплантациялық үйлестіру қызметінің даму тарихы. Модулі	12	8		20	20	60 сағат

1.1	<p>Шетелдегі және Қазақстандағы трансплантология мен ағзалық донорлықтың моральдық-этикалық және құқықтық ережелері. Донорлық және трансплантация мәселелеріндегі діни аспектілер. Ағзаларды алуға келісім алу рәсімін заңнамалық реттейтін құқықтық модельдер. Осы модельдердің этикалық және практикалық аспектілері. Келісім презумпциясы және келіспеушілік презумпциясы.</p>	4			4	4	<p>Құжаттарды түсіндіріңіз.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Донорлық және трансплантация мәселелеріндегі діни аспектілерді сипаттаңыз</li> <li>- Ағзаларды алуға келісім алу рәсімін заңнамалық түрде реттейтін құқықтық модельдерді бағалаңыз</li> <li>- Осы модельдердің этикалық және практикалық аспектілерін пысықтаңыз.</li> <li>- Келісім презумпциясы және келіспеушілік презумпциясының сипаттамасын салыстырыңыз</li> </ul>
1.2	<p>Адам ағзаларын транспланттаудың негізгі қағидаттары. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. Елдегі ағзалық донорлықтың дамуын реттейтін ережелер. Ағзаларды транспланттауға байланысты қылмыстар. Транспланттаушы үйлестірушілердің оларды анықтау мен алдын алудағы рөлі.</p>	2	2		4	4	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Адам ағзаларын транспланттаудың негізгі қағидаттарын түсіндіріңіз. Республика Кодексі.</li> <li>- Елдегі ағзалық донорлықтың дамуын реттейтін ережелермен жұмыс істеңіз. Ағзаларды транспланттауға байланысты қылмыстар</li> <li>- Транспланттаушы үйлестірушілердің оларды анықтау мен алдын алудағы рөлін бағалаңыз.</li> </ul>

1.3	Ағзаларды транспланттау және оларды алу шарттары. Донорлық ағзаларды алуға және транспланттауға байланысты медициналық ұйымдардың қызметін реттейтін заңға тәуелді актілер. Қайтыс болғаннан кейінгі донордан ағзаларды транспланттау тәртібі	2	2		4	4	- Адам ағзаларын транспланттаудың негізгі қағидаттарын түсіндіріңіз. Республика Кодексі. - Елдегі ағзалық донорлықтың дамуын реттейтін ережелермен жұмыс істеңіз. Ағзаларды транспланттауға байланысты қылмыстар - Транспланттаушы үйлестірушілердің оларды анықтау мен алдын алудағы рөлін бағалаңыз.
1.4	Тірі кезіндегі донордан ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау тәртібі. Транспланттау жүргізу үшін ықтимал реципиент пен тірі кезіндегі донор арасындағы генетикалық байланысты анықтау жөніндегі этикалық комиссия туралы ережелер.	2	2		4	4	- Тірі кезіндегі донордан ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау тәртібі құжатымен жұмыс жасаңыз - Транспланттау жүргізу үшін ықтимал реципиент пен тірі кезіндегі донор арасындағы генетикалық байланысты анықтау жөніндегі этикалық комиссия туралы ережемен танысыңыз.
1.5	Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттауды үйлестіру және сүйемелдеу. Транспланттаушы үйлестіруші маман басшылыққа алуы керек жалпы қағидалар. Ағзалар доноры мен реципиентінің құқықтары	2	2		4	4	- Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттауды үйлестіру және сүйемелдеу жөніндегі құжатты зерделеңіз. - Транспланттаушы үйлестіруші маманы басшылыққа алуы керек жалпы қағидалар бойынша құжатты түсіндіріңіз. - Ағзалар доноры және реципиентінің құқықтары құжатын зерделеңіз

2.	«Адам өлімінің критерийлері және бас миының біржола семуін диагностикалау әдістері» модулі. Бағалау әдістері, Ықтимал донорды жүргізудің клиникалық хаттамасы. Кеңейтілген критерийлері бар донорлар. Ықтимал донорды іріктеу үшін зерттеп-қараудың қосымша әдістері. Модулі	10	12	4	22	12	60 сағат
2.1	Бас миы өлімінің этиологиясы және патогенезі. Орталық жүйке жүйесінің қызметін тоқтату белгілерінің, сондай-ақ клиникалық сынақтар мен өзге де диагностикалық зерттеулердің жиынтығы. Адам өлімінің критерийлері және бас миының біржола семуін клиникалық және аспаптық диагностикалау әдістері. Бас миының біржола семуін растау тәртібі	2	4	2	8	4	-Бас миының өлімінің этиологиясы мен патогенезін сипаттаңыз. - Орталық жүйке жүйесінің қызметін тоқтату белгілерінің, сондай-ақ клиникалық сынақтар мен өзге де диагностикалық зерттеулердің жиынтығы туралы материалды зерделеңіз. - адам өлімінің критерийлері және бас миының біржола семуін клиникалық және аспаптық диагностикалау әдістеріне талдау жүргізіңіз. - Бас миының біржола семуін растау тәртібін түсіндіріңіз

2.2	<p>Ықтимал донорды бағалау әдістері және трансплантаттың жарамдылық критерийлері. Зерттеп-қараулар. Донорлық ағзаларды алудан бас тарту критерийлері. Бас миының өлімі кезінде ағзалардың функцияларын қолдау жөніндегі жасанды шараларды жалғастыру, тоқтату шарттары.</p>	2	2	1	4	2	<p>- Ықтимал донорды бағалау әдістері және трансплантаттың жарамдылық критерийлерін салыстырыңыз;  - Донорлық ағзаларды алудан бас тарту критерийлерін түсіндіріңіз;  - бас миының өлімі кезінде ағзалардың функцияларын қолдау жөніндегі жасанды шараларды жалғастыру, тоқтату шарттары бойынша құжатты зерделеніз.</p>
2.3	<p>Кеңейтілген критерийлері бар донорлар. Ықтимал донорды іріктеу үшін зерттеп-қараудың қосымша әдістері.</p>	2	2		4	2	<p>- Кеңейтілген критерийлері бар донорларды сипаттаңыз;  - Ықтимал донорды іріктеу үшін зерттеп-қараудың қосымша әдістерін атаңыз</p>

2.4	<p>Жасушалардың ишемиялық зақымдануының патогенезі. Донордың қарқынды терапиясының ұзақтығы. Ықтимал донорды жүргізу алгоритмі. Донорды мониторингтеу. Донорды этиопатогенетикалық кондициялау. Өрескел патологиялық бұзылуларды өтеу ретінде донордың қарқынды терапиясы. Донор организміндегі донорлық бүйректерді фармакологиялық қорғайтын дәрілік заттардың жіктелуі.</p>	2	2	1	4	2	<p>-Жасушалардың ишемиялық зақымдануының патогенезі бойынша презентация дайындаңыз;  - Донордың қарқынды терапиясы бойынша КХ зерделеңіз;  - Ықтимал донорды жүргізу, донорды мониторингтеу алгоритмімен танысыңыз;  - Донорды этиопатогенетикалық кондициялау бойынша оқу материалын зерделеңіз;  - өрескел патологиялық бұзылуларды өтеу ретінде донордың қарқынды терапиясы клиникалық хаттамасын зерделеңіз;  - Донор организміндегі донорлық бүйректерді фармакологиялық қорғайтын дәрілік заттардың жіктелуі бойынша нормативтік құжаттармен танысыңыз.</p>
2.5	<p>Бас миының өлімі расталған донорлардағы донорлық ағзаларды мультиағзалық эксплантациялау және консервациялау операциясының тәртібі, мидың өлімі бар донорлардан донорлық ағзаларды мультиағзалық алуды ұйымдастыру, тәртібі және құжаттамасын ресімдеу</p>	2	2		2	2	<p>-Бас миының өлімі расталған донорлардағы донорлық ағзаларды мультиағзалық эксплантациялау және консервациялау операциясының тәртібі, мидың өлімі бар донорлардан донорлық ағзаларды мультиағзалық алуды ұйымдастыру тәртібі және құжаттамасын технологиясын зерделеңіз</p>

3.	«Ішкі ағзалардың жіті және созылмалы аурулары, функционалдық және морфологиялық процестердің мәні, ағзаларды ауыстырып салуды талап ететін әртүрлі жастағы топтардағы пациенттердегі олардың клиникалық көріністері» модулі. Ағзаларды транспланттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер модулі	12	8	6	24	40	90 сағат
3.1	Ішкі ағзалардың жіті және созылмалы ауруларының этиологиясы және патогенезі, функционалдық және морфологиялық процестердің мәні, ағзаларды ауыстырып салуды талап ететін әртүрлі жастағы топтардағы пациенттердегі олардың клиникалық көріністері, ағзаларды транспланттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер	4			4	6	- Диагноздың критерийлерін сипаттаңыз: ішкі ағзалардың жіті және созылмалы ауруларының этиологиясы және патогенезі, функционалдық және морфологиялық процестердің мәні, ағзаларды ауыстырып салуды талап ететін әртүрлі жастағы топтардағы пациенттердегі олардың клиникалық көріністері, ағзаларды транспланттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер

3.2	Бас миы өлімінің себептері. Бас миының зақымдануы (бассүйек-ми жарақаты, бассүйекішілік қан құйылу, бас миының ісіктері). Этиопатогенез. Ағымының клиникалық ерекшеліктері. Коматозды жағдайлар, жіктелуі.	2	2		4	6	- Бас миы өлімінің себептері материалын зерделеніз; - Мидың зақымдануының (бассүйек-ми жарақаты, бассүйекішілік қан кетулер, ми ісіктері) диагностикалық критерийлерін түсіндіріңіз; - Этиопатогенез. Ағымының клиникалық ерекшеліктерін сипаттаңыз. - Коматозды жағдайлардың диагностикалық критерийлерін, жіктелуін сипаттаңыз.
3.3	Ағзаларды транспланттау жасалған пациенттерді жүргізу фармакотерапиясының негіздері.	2	2		4	6	- Ағзаларды транспланттау жасалған пациенттерді жүргізу фармакотерапиясының негіздері құжатын зерделеніз.
3.4	Гистоүйлесімділік бойынша иммунология мәселелері. Зерттеу әдістері.	4			4	6	- Гистоүйлесімділік бойынша иммунология мәселелерін зерделеніз. – Зерттеу әдістерін түсіндіріңіз.
3.5	Иммуносупрессивті терапия негіздері, оның ерекшеліктері. Ағзаларды (ағзалардың бөлігін) және/немесе тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау кезінде тіндердің иммунологиялық үйлесімділігін айқындау қағидалары.	2	2		4	6	- Иммуносупрессивті терапия бойынша КХ негіздерін, оның ерекшеліктерін сипаттаңыз. - Ағзаларды (ағзалардың бөлігін) және/немесе тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау кезінде тіндердің иммунологиялық үйлесімділігін айқындау қағидалары құжатын зерделеніз.

3.6	Ағзаларды (бүйрек, жүрек, өкпе, ӨЖК, ұйқы безі) транспланттаудың медициналық көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері	2	2		4	8	- Ағзаларды (бүйрек, жүрек, өкпе, ӨЖК, ұйқы безі) транспланттаудың медициналық көрсетілімдері мен қарсы көрсетілімдері құжаттарымен танысыңыз
<b>4.</b>	<b>«Трансплантациялық үйлестіру негіздері» модулі</b>	<b>10</b>	<b>8</b>	<b>8</b>	<b>26</b>	<b>38</b>	<b>90 сағат</b>
4.1	Қазақстандағы трансплантациялық үйлестіру. Негізгі міндеттері. Трансплантациялық үйлестірудің функционалдық міндеттері. Донорлық процесті ұйымдастыру. Донордан реципиентке ағзаларды алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, транспланттау қағидалары мен шарттары. Ықтимал донорды инфекцияларға, тіндердің үйлесімділігіне және басқаларға зерттеп-қарау тәртібі. Ағзаларды бөлу.	2	2		4	6	- Трансплантациялық үйлестірумен танысыңыз және презентация дайындаңыз. - Донорлық процесті ұйымдастыру схемасын дайындаңыз. - Донордан реципиентке ағзаларды алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, транспланттау қағидалары мен шарттарын зерделеніз. - Ықтимал донорды инфекцияларға, тіндердің үйлесімділігіне және басқаларға қосымша зерттеп-қарау тәртібін түсіндіріңіз. Ағзаларды бөлу.

4.2	<p>Біқтимал донор анықталған кезде донорлық ұйымның трансплантациялық үйлестіру схемасы. Донорлық ұйымның әкімшілігі мен персоналының іс-қимыл алгоритмі, қосымша ақпаратты жинау және талдау, қан үлгілерін тексеруді ұйымдастыру, операциялық бөлмені ұйымдастыру, Ағзалық донорлықты үйлестіру орталығының өңірлік өкілдігімен коммуникация. Бас миының өлімі бар пациенттерге және донорлық ұйым жұмысының тиімділігіне тұрақты аудит жүргізу. Донорлық ұйымның қайтыс болғаннан кейінгі донор ағзаларының өмірлік функцияларын қолдауға арналған шығыстарын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тетігі.</p>	2	2		4	6	<p>- Біқтимал донор анықталған кезде донорлық ұйымның трансплантациялық үйлестіру схемасын зерделеніз.</p> <p>- Донорлық ұйымның әкімшілігі мен персоналының іс-қимыл алгоритмі, қосымша ақпаратты жинау және талдау, қан үлгілерін тексеруді ұйымдастыру, операциялық бөлмені ұйымдастыру, Ағзалық донорлықты үйлестіру орталығының өңірлік өкілдігімен коммуникациямен танысыңыз;</p> <p>- Бас миының өлімі бар пациенттерге және донорлық ұйым жұмысының тиімділігіне тұрақты аудит жүргізу қағидалары құжатымен танысыңыз.</p> <p>- Донорлық ұйымның қайтыс болғаннан кейінгі донор ағзаларының өмірлік функцияларын қолдауға арналған шығыстарын мемлекеттік бюджет қаражатынан өтеу тетігін ұсыныңыз.</p>
4.3	<p>Ағзалық донорлықты үйлестіру орталығының трансплантациялық үйлестіру схемасы. Транспланттаушы үйлестірушілердің (стационарлық, өңірлік, республикалық) функционалдық міндеттері.</p>	2		2	4	4	<p>- Ағзалық донорлықты үйлестіру орталығының трансплантациялық үйлестіру схемасын зерделеніз.</p> <p>- Транспланттаушы үйлестірушілердің (стационарлық, өңірлік, республикалық) функционалдық міндеттерімен танысыңыз және түсіндіріңіз.</p>

4.4	Транспланттау бригадасын қалыптастыру және оның іс-қимыл жасау тәртібі. Бас миының өлімі расталған донорлардан донорлық ағзаларды алуды реттейтін құқықтық құжаттар.	2		2	4	4	<p>- Транспланттау бригадасын қалыптастыру және оның іс-қимыл жасау тәртібі туралы құжатты зерделеніз.</p> <p>- Бас миының өлімі расталған донорлардан донорлық ағзаларды алып қоюды реттейтін құқықтық құжаттармен танысыңыз.</p>
4.5	<p>Донорлар мен реципиенттерді есепке алудың медициналық ақпараттық жүйесі (ДРЕМАЖ). Мынадай: ықтимал реципиенттердің; донорлардың, реципиенттердің және ағзалардың қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру тіркелімдерін қалыптастыру және жүргізу.</p> <p>Донор-реципиент жұбын автоматтандырылған іріктеу.</p>	2		2	2	4	<p>- Донорлар мен реципиенттерді есепке алудың медициналық ақпараттық жүйесі (ДРЕМАЖ) бағдарламасының нұсқаулығымен танысыңыз.</p> <p>- Мынадай: ықтимал реципиенттердің; донорлардың, реципиенттердің қалыптастыру және жүргізу және ағзалардың қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру тіркелімдерін қалыптастыру және жүргізу модульдерін талдаңыз және таныстырыңыз.</p> <p>-Донор-реципиент жұбын автоматтандырылған іріктеу.</p>

4.6	Ықтимал реципиенттерді және трансплантацияланған пациенттерді иммунологиялық зерттеп-қарау тәртібі. Иммунологиялық зерттеп-қарау түрлері (HLA-типтеу, лейкоциттердің антиденелері), қан алу тәртібі.	2	2		4	4	- Ықтимал реципиенттерді және трансплантацияланған пациенттерді иммунологиялық зерттеп-қарау тәртібі материалын зерделеңіз; - Иммунологиялық зерттеп-қарау түрлерін (HLA-типтеу, лейкоциттердің антиденелері), қан алу тәртібін түсіндіріңіз.
4.7	Қайтыс болғаннан кейінгі донордың туыстарымен қарым-қатынастың негізгі тиімді тәсілдері және ағзаларды алуға келісім алу. БАҚ, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен жұмыс істеу дағдыларына үйрету. Көпшілік алдында, камера алдында сөйлей білу.	2	2		2	4	- Қайтыс болғаннан кейінгі донордың туыстарымен қарым-қатынастың және ағзаларды алуға келісім алудың негізгі тиімді тәсілдерін сипаттаңыз; - БАҚ, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен жұмыс істеудің, көпшілік алдында, камера алдында сөйлей білу дағдыларын таныстырыңыз.
	Қорытынды бақылау (тестілеу)				6		6
	<b>Барлығы</b>	<b>36</b>	<b>44</b>	<b>18</b>	<b>92</b>	<b>110</b>	
	<b>Қорытынды</b>	<b>300 сағат</b>					

### Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Бақылау түрі	Бағалау әдістері
Ағымдағы	Тыңдаушылардың тапсырмаларын бағалау.
Аралық (қажет жағдайда)	Әр модульді аяқтағаннан кейін білім мен дағдыларды бағалау. Қорытынды аттестаттауға жіберу.
Қорытынды	Бірінші кезең - тест сұрақтарының көмегімен автоматтандырылған компьютерлік тестілеу арқылы білімді бағалау. Екінші кезең - донорлар мен реципиенттерді есепке алудың медициналық ақпараттық жүйесімен (ДРЕМАЖ) жұмыс істеу, мынадай: ықтимал реципиенттер; донорлар, реципиенттер және қайтыс болғаннан кейінгі донорлыққа адамның өмірлік ерік білдіруін беру тіркелімдерін қалыптастыру және жүргізу дағдыларын бағалау, донор-реципиент жұбын көрсетілім арқылы автоматтандырылған таңдау.

## Тыңдаушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Бағалаудың сандық баламасы	Бағалаудың пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Үздік
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

### Ұсынылатын әдебиет

#### Негізгі:

1. С.М. Ананич [және басқалар] ; жалпы ред. Н.С. Анцух. Ағзалар мен тіндерді трансплантациялау саласында адам құқықтарын қамтамасыз ету — Минск: Экоперспектива, 2020. — 128 б.
2. А. Барански; ағ. тілінен аударма О. Н. Резника. Донорлық ағзаларды трансплантациялаудың хирургиялық техникасы. Шаг за шагом — М. : ГЭОТАР-Медиа, 2014. — 224 б.
3. 3. Трансплантология және жасанды ағзалар. РАН академигі С. В. Готьенің ред. // Москва.-Лаборатория знаний. -2018. -322 б.
4. Трансплантология: қорытындылары және перспективалары. С.В. Готьенің ред. - М. Тома II- X. 2010-2018.
5. Трансплантология: қорытындылары және перспективалары. III том. 2011 жыл / С.В. Готьенің ред. – М. – Тверь: «Издательство «Триада» ЖШҚ, 2012. – 416 б.: ил.
6. Ж.А. Есенгельдинова Қазақстанда транспланттаушы үйлестірушілерді даярлау мәселелері // Трансплантология в Казахстане. – 2022. - № 1 (12) – 28-32 б.
7. Ә.М. Жұмағалиев Қазақстан Республикасындағы трансплантациялық үйлестірудің жай-күйі мен даму перспективалары туралы (әдебиетке шолу) // Трансплантология в Казахстане. – 2020. - № 1 (10) – 7-24 б.
8. Л. Исмағамбетова, Г. Бисенғалиева Қазақстанда транспланттаушы үйлестірушілерді даярлау мәселелері // Трансплантология в Казахстане. – 2023. - № 12 – 39-41 б.
9. С. Шайсұлтанова, А. Беембетова Донорлық және трансплантация: денсаулық сақтаудың даму көрсеткіші // Трансплантология в Казахстане. – 2023. - № 12 – 28-33 б.
10. Трансплантология [Электрондық ресурс] : оқулық / М.Ш. Хубутийдің ред. - М. : ГЭОТАР-Медиа, 2016.

### **Қосымша:**

1. "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI кодексі, 2 - тарау, 2-параграф, 209-216-баптар;
2. Трансплантация саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша халықаралық тәжірибені талдау. Қайтыс болғаннан кейінгі донорлық бойынша азаматтардың ерік білдіруін тіркеу модельдері (әдебиеттерге шолу) - мемлекеттік тапсырманы орындау бойынша 2018 жылғы II тоқсандағы есептердің материалдары // Нұр-Сұлтан.-2020.- Пт
3. Қ. Иманбаев, Л. Исмағамбетова, Г. Бисенғалиева, А. Ахтанова 2020 жылдан бастап және 2023 жылғы 10 айда транспланттауға мұқтаж реципиенттер тіркелімі (күту парағы) бойынша талдамалық ақпарат // Трансплантология в Казахстане. – 2023. - № 12 – 34-38 б.
4. Р. Тасырбаев, А. Сандыбаев Трансплантация Өмірге кезек // Трансплантология в Казахстане. – 2023. - № 12 – 56-58 б.
5. Н. Жылгелдина, Қ. Иманбаев, А. Ахтанова Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталықтың 2023 жылғы қызметі туралы шолу ақпараты // Трансплантология в Казахстане. – 2023. - № 12 – 15-19 б.
6. 2018 жылы Ресей Федерациясындағы ағзалық донорлық және трансплантациясы XII Ресей трансплантология қоғамының тіркелімінің хабарламасы / С.В. Готье, Я.Г. Мойсюк, С.М. Хомяков [және басқалар] // Вестник трансплантологии и искусственных органов. - 2019. - № 3. - 6-18 б.
7. Трансплантациялық үйлестіру ағзалық донорлықты дамытудың толыққанды және тиімді құралы ретінде / М. Маниалик (Испания) // Трансплантология. - 2011. - № 1. - 68-71 б.
8. Э.Ш.Султанов және басқалар. Қазақстан Республикасында донорлық бүйректі трансплантациялау тәжірибесі // ҚазҰМУ хабаршысы – 2012 – №2. – 228-229 б.
9. Арингазина А. М., М. Ш. Курмангужина. Трансплантологиядағы донорлық бағдарламаларды іске асырудың заманауи тәсілдері // Клин. медицина Казахстана. – 2015. – № 2. – С. 14-20.

### **Интернет-ресурстар**

1. «Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке транспланттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы №207/2020 бұйрығы;
2. «Тіркелімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-226/2020 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы».

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2023 жылғы 31 қазанда № 33590 болып тіркелді;

3. «Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейінгі донорлығына адамның тірі кезінде ерік білдіруін беру және бұл жөнінде жұбайын (зайыбын) немесе жақын туыстарының бірін хабардар ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-308/2020 бұйрығы. ҚР ӘМ-де 2020 жылғы 22 желтоқсанда № 21859 болып тіркелді;

4. «Ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) қайтыс болғаннан кейін донорлығына құқығын білдірген азаматтардың тіркеліміне қол жеткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 27 қазандағы №158/2020 бұйрығы;

5. «Мидың біржола семуін растау қағидаларын және мидың біржола семуі кезінде ағзалардың функцияларын демеу жөніндегі жасанды шараларды тоқтату қағидаларын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 27 қазандағы №156/2020 бұйрығы;

6. «Жасанды ағзалары (ағзасының бөлігі) және (немесе) тіндері (тінінің бөлігі) бар Қазақстан Республикасының азаматтары ағзалардың (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) ықтимал реципиенттерінің тіркеліміне енгізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-256/2020 бұйрығы;

7. «Донордан ағзаларын (ағзасының бөлігін) және (немесе) тіндерін (тінінің бөлігін) транспланттауға рұқсат етілетін инфекциялық жұқпалы аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-171/2020 бұйрығы;

8. «Ағзаның (ағза бөлігінің) және (немесе) тіндердің (тін бөлігінің) тірі кезіндегі донорының жан-жақты медициналық зерттеп-қараудан өту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № ҚР ДСМ-201/2020 бұйрығы

9. «Трансплантаттау жүргізу үшін ықтимал реципиент пен тірі кезіндегі донор арасындағы генетикалық байланысты анықтау жөніндегі этикалық комиссия туралы ережені бекіту» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-318/2020 бұйрығы;

10. «Патологиялық анатомия және сот - медицина сараптамасы қызметін жүзеге асыратын ұйымдарда транспланттау мақсатында мәйіттерден көру ағзаларын алу және консервациялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-307/2020 бұйрығы;

11. «Жасанды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау үшін көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер тізбесін

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 қазандағы № ҚР ДСМ-143/2020 бұйрығы;

12. «Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау кезінде иммунологиялық үйлесімділігін айқындау қағидаларын және HLA-зертханасының қызметі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 27 қазандағы № ҚР ДСМ-159/2020 бұйрығы;

13. «Донорлық ұйымдар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау бірінші вице-министрінің 2021 жылғы 28 қаңтардағы № 41 бұйрығы;

### **Білім беру ресурстарына қойылатын талаптар:**

- Білім беру бағдарламасы (ҚОБ);
- Кадрлық қамтамасыз етуге қойылатын біліктілік талаптары (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы);
- Клиникалық базаның болуы (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-304/2020 бұйрығы);
- Бейінді халықаралық ақпараттық желілерге, электрондық деректер базаларына, кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиеттерге қолжетімділіктің болуы;
- Оқытудың инновациялық, симуляциялық технологиялары мен интерактивті әдістерінің болуы;
- Оқушылардың білімі мен дағдыларын бағалау механизмінің, сондай-ақ оқыту процесін қолдау үшін оқытушылар мен сарапшылардың кері байланысының болуы.

### **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету және жабдықтау:**

- аудиториялық/клас қоры болуы, тыңдаушылар контингентінің көлеміне, санитариялық-техникалық нормалар мен қағидаларға сәйкес келетін сынып бар;
- қосымша білім беру бағдарламалары, санитариялық-техникалық нормалары мен қағидалары бойынша баспа, аудио, бейнематериалдарды көрсетуге арналған, Интернет желісіне, кітапхана қорына, симуляциялық жабдыққа (манекендер, муляждар, тренажерлер) қолжетімділігі бар компьютерлік жабдық;
- базистік, ағымдағы және қорытынды бақылауды бағалаудың бақылау-өлшеу құралдарының болуы;
- дербес компьютер;
- «Трансплантациялық үйлестіру» оқу бағдарламалары бар электрондық тасымалдаушылар;
- интернетке қолжетімділік;

- әдістемелік материалдар;
- аудио-бейне материалдар.

**Қолданылатын қысқартулар мен терминдер**

ҚР ДСМ- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ББ – Білім беру бағдарламасы

СК – Сертификаттау курсы